

## Сопылық терминдердің семантикалық сипаты

А.К. Ахметбекова\*, А.А. Қуанышбек

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

\*E-mail: axbota@mail.ru

**Түйін.** Мақалада консубстанционалды терминдер қатарына жатқызылатын сопылық терминдер қарастырылған. «Хауф» (қорқыныш), «Раджа» (үміт), «Қабд» (тарылу), «Баст» (кеңею) терминдерінде көрініс тапқан концептілер Құран мәтіні негізінде пайда болған. Зерттеу барысында сопылық терминдердің семантика тұрғысында лексика мәнінің аясы тарлану арқылы терминдену процесіне түскені анықталды.

Сопылық деп аталатын мұсылмандық мистицизм ағымына қатысты терминдердің семантикалық мәнін анықтауда бірнеше мәселенің басын ашып алу қажет. Біріншіден, терминологияға қатысты мәселе. Термин дегенде, міндетті түрде оның анықтамасын басшылыққа аламыз. О.С. Ахманованың анықтауы бойынша, термин дегеніміз: «Это слово или словосочетание специального (научного, технического и т. п.) языка, создаваемое (принимаемое, заимствуемое и т. п.) для точного выражения специальных понятий и обозначения специальных предметов» [1, 474]. Сонымен қатар терминге анықтама беруде ерекше тіл бірлігіне қойылатын семантикалық, формальды және прагматикалық (функционалдық) талаптарды да ескеру қажет [2, 34-41]. Семантикалық сипаттамасына семантиканың қайшылықсыз болуы жатады, яғни терминнің ұғымға сәйкестігі; семантиканың бір мәнділігі, яғни категория тұрғысында көпмәнділікке жол бермеу; семантика толықмәнді болуы тиіс, демек, термин мәнінде ол белгілеген ұғымды танытатын қажетті минималды белгілердің көрініс табуы; синонимдердің жоқ болуы. Осы анықтамалар негізінде терминді былай анықтауға болады: 1) бір затты белгілейтін табиғи тілге тиесілі сөз не сөз тіркесі; 2) нақты бір ғылым аясында заттарды белгілеуге қолданылатын сөз не сөз тіркесі, бұл жағдайда термин бір мәнділікпен айқындалады, ғылымда қолдануда оған ерекше талаптар қойылады; 3) ұғым құрайтын сөз немесе сөздер жиынтығы, басқа сөздерден термин эмоционалдық мәннен ада. Термин бір мәнді және заттың мәнін танытатындай нақты болуы тиіс.

Осы анықтамаларды басшылыққа ала отырып, сопылық терминдерді сопылық ілім аясында қолданылатын сөздер деп білеміз. Сопылық терминдердің басты ерекшелігі олардың генезисінде – барлығы дерлік Құран лексикасы негізінде пайда болған. Құранда бұл сөздер табиғи тіл ретінде қолданысқа түскен. Демек, сопылық термин күнделікті қолданыста жүрген тіл қоры негізінде жасалған болып табылады. Жалпы қолданыстағы тілден жасалған терминдерді С.В. Гринев консубстанционалды деп атап, олар туралы былай дейді: «Во всякой терминологии (предметной области специальной лексики) непременно есть некоторое количество лексических единиц, которые встречаются как в обыденной, так и в профессиональной речи – так называемые «консубстанциональные» термины, которые вызывают ряд трудностей при выделении терминологической лексики из словарного состава языка» [2, 27]. Бұл терминнің ерекшелігі ретінде жалпы тілдегі мәні мен термин ретіндегі мәні қатарласа жасауы болып табылады.

Терминологиялық және жалпы қолданыстағы лексика шегін нақты көрсету қиын, бұл шек тұрақсыз болып табылады, өйткені бұл үдеріс тарихи емес, функционалды сипатқа ие: терминдер ұдайы жалпы қолданыстағы сөзге қалай айналса, күнделікті қолданыстағы сөз сондай дәрежеде терминге айнала алады. Сондықтан да консубстанционалды терминді зерделеуде абай болып, міндетті түрде әрқайсысын жеке-дара қарастыру қажет. Демек, Құранда қолданылған сөздер жалпы тіл лексикасы болып табылғандықтан, түпнегізі Құранмен байланысты терминдерді консубстанционалды термин деп анықтауға болады.

Алайда сопылар өздерінің ілімдерін негіздеуде Құран сөздерін әу бастан қасиетті деп таныған. Демек, сопы теоретиктері жалпы тілдегі сөздің сопылық терминге айналуына оның нақты қасиетті мәтін аясындағы қолданысына мән берген. Жалпы тілге тиесілі сөздер сол мәтін тұрғысында терминдену үдерісіне түскен. Бұл дегеніміз, семантика тұрғысында лексика мәнінің аясы тарлану арқылы сопылық терминге айналған. Тұжырымымызды «хауф» сөзі тұрғысында қарастырайық.

«Хауф» сөзінің арабша мағынасы – қорқыныш, үрей, діріл. Яғни, табиғи араб тілінде қорқынышқа байланысты жалпы ұғымды белгілейді. Ал Құранда «хауф» міндетті түрде Құдайдан қорқуды білдіреді: Алла құлдарына Өзінен қорқуды Құран Кәрімнің «әл-Имран» сүресінің 175-аятында былай көрсеткен: «... мүмкін болсаңдар Менен қорқыңдар». Құран Кәрімнің «ан-Нахль» сүресінің 51-аятында: «... тек Менен қорқыңдар», – деп әмір еткен. Сонымен қатар «ан-Нахль» сүресінің 50-аятында «олар өз Құдайларынан қорқады» деп мүміндерді мақтайды. Демек, Құранда «хауф» сөзі жалпы тілдегі қорқыныш, үрей сияқты концептілері бір жақты қарастырыла отырып, тек «Құдайдан қорқу» мәнімен шектелуге бейім.

Құран арнайы топ менталитетіне негізделген. Топтық менталитет дегеніміз – әлеуметтік, жас шамасына қарай, кәсіби, гендерлік, т.б. жақтарымен белгіленген адамдар топтарының шынайылықты қабылдау мен түсіну ерекшеліктері [3, 58]. Яғни, мұсылман қауымы Құранда қолданылған «хауф» сөзінің концептілерін қасиетті мәтіннің аллаһи мәнімен байланыстыра ұғынады, қабылдайды. Мысалы, Ахмад бен Тирмизиден жеткен хадисте Аиша (р.а.) сұрапты: «Уа, Алланың Елшісі ұрлаған, зина жасаған, шарап ішкен адамның жүрегінде қорқыныш бар ма? – дегенде, ол: Жоқ, ораза ұстап, намаз оқып, садақа берген адамның жүрегінде қабыл болмады ма деген қорқыныш болады». Сондай-ақ Құран Кәрімнің «Муминун» сүресінің 60-аятында: «Расында не берсе де Раббыларына қайтуларынан, жүректері қорқып, бергендер», – деп «хауф» туралы жазылады. Көріп отырғанымыздай, хадис те қасиетті мәтін тұрғысында қабылдаушының «хауф» сөзінің концептілер аясын тарылтуға мүдделі екені бағамдалады. Ал сопылар «хауф» сөзінің Құран тұрғысындағы мәнін ала отырып, сопылық ілім

тұрғысында түсінуге бағыштайды: «Сопылықта «қорқыныш» мақамы бар, бірақ бұл сезімнің бастау көзі білімсіздікте емес, танымдылықта болып табылады. Адам Алласынан белгісіздік сезіміне байланысты қорықпауы керек, оның күдіретін тану арқылы, қаһарын біліп барып қорқуы тиіс, ал шынайы сүйіп таныса, қаһарынан гөрі Алланың адамға деген мейірі астам екенін біледі. Құранда Алланың адамды сүйіспеншілікпен жаратқаны айтылса да, ислам дінінде адам Алладан қорқып тіршілік етуіне көбірек мән берілген. Көр ішінде жауап алатын Мүңкір-Нәкірден бастап, ақырзамандағы ақтық есеп беру сияқты сынақтар адамды қорқыныш сезімінде өмір сүруге тәрбиелеген» [4, 203]. Имам Қушейри «ар-Рисаляда» «хауф» сөзіне қатысты мына мағлұматтарды береді: «Хауф рухани даму жолындағы адамның жүрегіндегі қорқыныш пен үрей сезімі, ол Аллаға жек көрінішті нәрселердің бәрінен алшақ болуға септігін тигізеді» [5, 234]. Сондай-ақ Қушейри «ар-Рисалясында» «хауф» сөзінің мәнін ашуда беделді сопылардың сөздерін келтіреді: Абу Амир ад-Димашки айтты: «Хаиф (қорыққан адам) өзінің нәпсісінен шайтаннан да қатты қорқады». Осында: «Шын қорыққан көп жылап көз жасын сүрткен емес, өзін азаптайтын нәрселерден құтылған – нағыз қорыққан» [5, 235]. Иахиа бин Муазз айтты: «Байғұс адам баласы, егер ол кедейліктен қорыққандай тозақ отынан да қорыққанда, жаннатқа кірер еді» [5, 235]. Шах Карамани айтты: «Хауфтың белгісі – дәйім мұң». Абу-л-Қасим әл-Хаким айтты: «Біреуден қорыққан адам одан қашсын, Алладан қорыққан адам Оған (Аллаға) ұмтылсын». Муазз бин Жәбәл айтты: «Мүмін тозаққа апаратын көпір артында қалмайынша, жүрегіндегі үрей басылмайды». Джунейдттен бірде «хауф» туралы сұрағанда ол: «Хауф әр демінде азапты күту», – деген. Хатим әл-Асам айтты: «Әр заттың әшекейі бар, ғибадаттың әшекейі – қорқыныш». Бұл сөздерге зер салсақ, вербальды емес концептілерді тану, таныту мақсаты көрініс береді.

Сопылар «хауф» сөзінің семантикалық мәнін анықтауда мына хадисті басшылыққа алған: Әбу Һурайра (р.а.) жеткізген хадисте: «Аллаһ елшісі (с.ғ.с.): Сауылған сүттің желінге қайта кірмейтіні секілді, Аллаһтан қорқып көз жасын көл қылған адамның да тозаққа кіруі мүмкін емес. Сондай-ақ Аллаһтың жолында жүргенде көтерілген шаң

мен тозаңның түтіні еш уақытта бірікпек емес – деп айтты», – делінген. Осының негізінде Кушейри «хауф» сөзінің мәні болашақпен байланысты дейді. Адам қаламаған нәрсені кездестіріп, қалағанынан айырылудан қорқады. Бұл тек болашақта болуы мүмкін. Қысқаша қайырғанда, «хауф» концептісі Алланың осы дүниеде немесе ахиретте жазалауынан қорқу мәні негізінде «Алла Тағаладан қорқу» концептілерімен белгіленген.

Сопылық ілімге қатысты кітаптарда сопылық термин бірнеше сопылар пікірі, ұғымы негізінде жасалады. Жалпы сопылық мәнді сөзбен жеткізу еш мүмкін емес деп білетін сопылар өз қолданысындағы терминнің мәнін айқындау үшін сөздің семантикалық кеңістігінде бағыттаушы белгілерді қою тәсілін қолданғанын байқаймыз. Әр сопы терминнің бір концептісін айқындауды мақсат тұтқан. Сөйтіп бірнеше бағыттаушы белгілер арқылы сөздің акцентті концептісі алдыңғы қатарға шыққан. Жоғарыда келтірілген сопылардың сөздерінен зерделегеніміз, әр сопы өзінің ұғымы, түсінігі, интерпретациясы тұрғысында «хауф» сөзінің бір жақты концептілерін көрсету арқылы осы сөздің сопылық ілім негізіндегі семантикалық мәнін белгілеуге талаптанған. Сопылық жолындағы шәкірт терминнің әр сопы тұрғысындағы ой-пікірлерді салыстыра, салғастыра отырып, концептілерді жинақтау негізінде біртұтас ұғым қалыптастырған. Сонымен қатар сопылар әр терминнің семантикасын айқындауда осы термин қамтыған ұғымды бөлшектей қарастырған. Мысалы, Абу Али ад-Дикақ: «Хауф үш кезеңнен тұрады: хауф (қорқыныш), хашия (үрей) және һайба (құрмет тұта қорқу)», – дейді. Осының ішінде «хауф» иман шартына сүйенеді. Ал «хашия» білімге негізделіп, Құран Кәрімнің «Фатыр» сүресінің 28-аятында «...Алладан шын қорқатын құлдарының ішінде білімділері» деген сөздерге сүйенеді. «Хауфтың» ең жоғарғы дәрежесі «һайбаға» (құрмет тұта қорқуға) Алланы танығандар ғана қол жеткізеді. Олар Құран Кәрімнің «әл-Имран» сүресінің 28-аятындағы: «Алла сендерді Өзінен қорқуды ескертеді», – дегенге сүйенеді. Демек, «қорқыныш» сөзінің мәнін анықтауда синонимдер қатарын да қолдану кең жолға қойылғаны байқалады. Бұл сөздер синоним, бірақ ад-Дикақ синонимдерді талдай отырып, «хауф» сөзінің мәнін нақтылауға тырысады. Бұдан байқайтынымыз, сопылар

терминнің бір жағын ғана анықтау арқылы керекті концептілерді бір-бірін ашатындай етіп тізгіндеген. Екінші үдерісте терминді синонимдер ұғымына негіздей отырып нақтылауға жол берген.

Сонымен қатар сопылар көбіне бір терминді жұптастыра отырып мәнін ашуға талпынған. Жұптастыру кейде қарама-қарсы мәндегі, кейде жанама мәндегі сөзге құрылады. Мысалы, Құран Кәрімнің «Саджда» сүресінің 16-аятында «олар Құдайларына қорқыныш пен үмітпен жалбарынады» деген сөздер көрсетілген. Бұл жерде «қорқыныш» пен «үміт» сөзі антоним емес, алайда «қорқыныш» сөзінің концептосферасымен «үміт» сөзінің концептосферасы жанама қиысатыны байқалады. Бұл ойымызды мына тұжырым нақтылай түседі: «Докогнитивная семасиология установила, что семантика языка (семантическое пространство языка) – это не набор, не инвентарь семем, а сложная их система, образованная пересечениями и переплетениями многочисленных и разнообразных структурных объединений и групп, которые «упакованы» в цепочки, циклы, ветвятся как деревья, образуют поля с центром и периферией и т.п. Эти отношения отражают отношения концептов в концептосфере языка» [3, 62]. Демек, «қорқыныш (хауф)» сөзі «үміт (раджа)» сөзінің семантикасына негізделіп термин болып тұр. Енді екі сөздің қатынасын анықтау үшін «раджа» сөзінің мәніне тоқталайық.

«Раджа» сөзінің арабша мағынасы: 1) үміт ету, 2) өтіну, 3) тілеу. «Раджа» Құран Кәрімде игілік пен Алланың кешіріміне үміт ету мәнінде қолданғанын байқауға болады: «Анкабут» сүресінің 5-аятында: «Кім Аллаға жолығуды үміттенсе, әрине Алланың белгілі мезгілі келеді», «Зумар» сүресінің 53-аятында: «Мұхаммед: Әй, өздеріне зиян қылған құлдарым! Алланың мейірімінен үміт үзбеңдер. Алла біртұтас күнәларды жарылқайды», «Юсуф» сүресінің 87-аятында: «Әй, ұлдарым! Барындар да Юсуфты және туысын іздестіріңдер! Сондай-ақ Алланың мәрхаметінен үміт үзбеңдер. Өйткені Алланың рахметінен қарсы болған қауым ғана үміт үзеді...», «Хижр» сүресінің 56-аятында: «Ибрахим: «Раббының рахметінен адасушылардан басқа кім үміт үзеді?», – деді». «Бақара» сүресінің 218-аятында: «Шынайы иман келтіргендер, ауа көшкендер және Аллаһ жолында соғысқандар, міне, солар, Аллаһтың рақыметінен үміт етеді. Аллаһ аса жарылқаушы, ерекше мейірімді».

Имам Кушейри «раджа» туралы былай деп жазады: «Раджа – шын жүректен тілеген армандарын болашақта орындалатынына сену, соған үміт ету. «Хауф» болашақта болатындай, «раджа» да болашақпен байланысты» [5, 244].

Кушейри өзінің еңбегінде сопы имамдардың «раджа» туралы айтқандарын келтіреді, соларға тоқталып өтейік. Ибн Хабиқ айтты: «Үміт етуші мына үшеуі: Жақсы амал етіп, соның қабыл болуын үміттенген. Күнә істеп, тәубе етіп кешірімнен үміттенген. Күнә істеуді тастамай, кешірімнен үміттенген – өтірікші. Кім өзінің жаман істерінің көп екенін білсе, үміттен гөрі, үрейде өмір сүрсін. Раджа (үміт) – Кәрімнің (Алланың) мейірімділігіне сену. Раджа (үміт) – Жәләлді (Алланы) әдемі көзбен көру. Раджа (үміт) – Құдайдың рахымына жүректің жақын болуы. Раджа (үміт) – Алла Тағаланың аса қамқорлығын көру». Сондай-ақ көп үміттенудің де зардаптары туралы Абу Усман әл-Мағриби былай деген: «Нәпсісін тек үмітте (раджа) ұстаған адам қол қусырып қалады, нәпсісін тек қорқынышта (хауф) ұстаған адам үмітсіздікке ұрынады» [5, 246].

«Қорқыныш» пен «үміт» сөздері сопылық оқуда қарама-қарсы терминдер ретінде қарастырылатын сияқты. Сопылар «қорқыныш» (хауф) адамды күнә істерге апармайтындай қатты болу керек, сонымен қатар адамды үміттен (раджадан) алыстатпау керек деп, «қорқыныш» сөзінің концептісін «үміт» сөзінің мәнімен шектейді. Имам Газали адам өмір бойы қорқынышқа күш салып, өлім алдында үмітке бой алдыру керек деген [7,79]. Демек, бұл екі ұғым бірге жүруі керек. «Қорқыныш» пен «үміт» сөздерін қатарластыра қарастыру керектігін мына сөздерден де айқындаймыз: Али (р.а.) балаларының біріне: «Сен Аллаһтан, егер бүкіл жер бетіндегі адамдардың сауап-жақсылықтарын әкелсең де, қабыл болмай қалатындай қорық және сен Аллаһтан, егер бүкіл жер бетіндегі адамдардың жамандық-күнәларын арқалап келсең де, күнәнді кешіретіндей үміт ет», – деген екен. Омар ибн Хаттаб (р.а.): «Егер бір адамнан басқаның бәрі тозаққа кетуге шақырылса, сол бір адам мен болғанды үміт етемін, ал егер бір адамнан басқаның бәрі жұмаққа кіруге шақырылса, сол бір адам мен болудан қорқамын», – деген екен.

Бұл келтірілген сөздерден байқайтынымыз,

«үміт» сөзі «қорқыныш» сөзінің семантикалық мәніне ауытқу туғызған. Өйткені «қорқыныш» сөзінің антонимі – «батырлық», алайда сопылық тұрғыда «қорқыныш» сөзіне «үміт» сөзі шартты түрде антоним болып тұр. Дәлірек айтсақ, «үміт» концептісі «қорқыныш» концептісімен қатынасқа түсіп, сопылық термин тұрғысындағы семантикасын анықтау функциясын атқарып тұр. Бұл екі сөз сопылар үшін «Алланың үкімін» күту ахуалының сипатын беру мәнінде қолданылған. Яғни, Алланың шешімін не үмітпен күту, не қорқынышпен күту. Алланың шешімін күту ахуалы екі полюсті, «үміт» пен «қорқыныш» осы полюстердің атауы ретінде термин болып қабылданған. Осы ахуал сипаты тұрғысында екі сөз бір-біріне қарама-қарсы мәнде қолданылатынын таныту талабы жұптаса формасымен көрінген.

Сопылық терминдер қатарында жұптаса қолданылатын «қабд» және «баст» терминдері бар.

«Қабд» сөзінің арабша мағынасы: 1) жұмылу, қысылу, тарылту, 2) ұстап алу. «Баст» сөзінің арабша мағынасы: 1) кеңею, ашылу, 2) қуану.

Екі сөз семантикалық мәні тұрғысында антоним болып тұр. Бұл екі сөздің мағынасы Құран Кәрімнің «Бақара» сүресінің 245-аятында: «Алла тарылтады да кеңітеді», – деп көрсетілген. Демек, екі сөздің қарама-қарсы мән генезисі Құранмен байланысты екенін байқаймыз. Құран негізінде екі сөз терминге айнала отырып, концептілері қасиетті мәтін арқылы нақтыланған. Бұл В.П. Даниленконың тұжырымына сай: «Путь перехода общеупотребительного слова в терминологическое наименование начинался с употребления отдельного слова в особых контекстах» [6, 99].

Сондай-ақ «қабд» (тарылту) мен «баст» (кеңейту) сөздерінің семантикасы Алланың әл-Қабид (Қысушы, тарылтушы) және әл-Басит (Кеңейтуші, ашушы) деген есімдерінің мағынасымен байланысты екені тағы бар. Бұдан сопы ғұламалары бұл сөздердің Құрандағы мағынасын жанмен байланыстыру барысында жаңа семантикалық мән телиді: «қабд» – азаптан қорқып жанның тарылып қысылуы, ал «баст» – соңы жақсы болады деген үмітте жүректің кеңейіп, қуануы. Бұл интерпретация «қабд» және «баст» сөздерінің мәні жанға қатыстырылғандықтан, концептілерінің аясы

тарылғанын байқаймыз. Аталған терминдердің семантикалық мән кеңістігінің қай бағытта тарылғанын анықтау үшін Қушейри еңбегіне көз салайық.

Қушейри «ар-Рисаляда» «қабд» және «баст» туралы: «Құлдың «қорқыныш» және «үміт» халінен көтерілгеннен кейін болатын халі. Қабд – қорқыныш сезімінің орын алуы. Баст – үміттің орнауы» [5, 135]. Қушейри «қабд» пен «баст» терминдерін «хауф» пен «раджа» терминдерімен байланыстыра қарастыра келе, бұл сөздердің мағынасын ажыратып көрсетуге тырысады. Қушейри бойынша, «хауф» болашақта болатын бәледен қорқу және «раджа» болашақта болатын жақсылықтан үміт ету болса, «қабд» пен «баст» Алла құлының қазіргі уақыттағы халі болып табылады. «Мабсутты (жаны кеңге салынған, жаны қуанған адамды) еш нәрсе таңғалдыра алмайды, оның кеңейтілген жан халіне еш халдердің халі әсер етпейді», – дейді Қушейри. Ол: ««Қабд» халі адам үшін түсініксіз, ол жүрегіндегі бұл сезімнің себебін біле алмайды. Бұл адамның істейтін амалы: бұл сезімді Аллаға тапсырып, бұл кезеңнің өтуін күту. Ал егер ол мазасызданып бір қасіретті күтетін болса, қорқынышы одан да арта түседі. Ол бұл халді уақытқа тапсырса, жақын арада үрейі басылады, өйткені Алланың өзі тарылтады да кеңітеді», – деп түсіндіреді» [5, 136].

Сопы ғалымдардың пікірлері бойынша, «баст» (кеңшілік, шаттық, қуаныш) халі «қабд» (тарылу, қысылу) халіне қарағанда тариқат жолындағы құл үшін қауіпті. Өйткені сопылық жолындағы құл «баст» халі кезінде болған сезімге қуанып, бейқамдыққа салынып, сол арқылы Алланы зікір етуден алыстауы әбден мүмкін. Имам Қушейри де осы пікірді қолдайды: ««Баст» құлға күтпеген кезде келеді. Ол құлды дүр сілкіндіріп, мазалайды. Құл бұл сезімнің себебін білмейді. Бұл адамның істейтін амалы – тыныштық сақтау. Өйткені бұл кезде оған үлкен қауіп бар, ол бұл алдамшы сезімнен сақтануы керек», – деп айттып, шейхтердің мына сөздерін келтіреді: «Баст есігі ашылып, алданып сүріндім, мақамымнан (орнымнан) айырылдым» [5, 137]. Хақ иелері айтпақшы, «қабд» және «баст» сезімдерінен сақтану керек, өйткені олар құлдың тоқырауына ұшырататын кедейшілік пен жоқшылыққа алып келеді.

Шейх ибн Ата Алла әл-Искандари да өзінің «Китаб-ул-Хикам» атты кітабында «қабд» халін

«баст» халінен жоғары қояды: «Сен «баст» халіне қарағанда, «қабд» халінен көбірек пайда аларсың. «Қабд» – сопылар тілінде адамның қорқып үрейленген кезі, ал «баст» – оның қуанышқа бөленген кезі. Адамның жан табиғаты қуаныш пен жеңілдікке ұмтылып, қорқыныш пен үрейден қашады. Сондықтан «қабдтың» сопы үшін пайдасы молырақ, өйткені бұл халде ол теріс қылықтар істеуден алыс болып, өзін терең ой мен Құдаймен сұхбатқа (мінәжатқа) арнайды. Керісінше, «баст» халінде сопы Құдайды көруден, оған ғибадат етуден көңілі бөлініп, бейқамдыққа салынуы мүмкін, яғни өткінші дүниелік қызықтарға бой алдырып кетуі мүмкін», – дейді [8, 31].

«Қабд» және «баст» терминдеріне түсініктеме беретін пікірлер жиынтығынан бағамдағанымыз, екі сөз жалпы тілде қолданылатын мәнінен алшақтаған жоқ, бірақ белгілі бір атау ретінде қолданылып, семантикалық мәндерінің жалпылану бағытына ойысқанын көреміз. Бұл үдеріс туралы Ф.П. Филин былай деген: «Вместе с ростом слов-терминов семантика некоторых групп слов развивается в противоположном направлении, в сторону все большего обобщения и потери своего прежнего конкретно-предметного характера» [6, 100]. Яғни, сопылық термин ретінде «қабд» пен «баст» сөздерінің семантикалық мәні белгілі дәрежеде тарылған, алайда сопылық хал атауы ретінде метафизикалық ахуалды белгілеу мақсатында код функциясын атқарып, концептілерінің аясы кеңейгенін байқаймыз.

Дегенмен сопылық ілімге қатысты терминдер қамтитын ұғымды нақты көрсету қиындыққа түседі. Осы мәселені айқындауда терминдерді концептілердің құрылымдық компоненттері тұрғысында қарастырайық. Концептің базалық құрылымдық компоненттеріне образ, ақпараттық мазмұн және интерпретациялық кеңістік жатады.

Образ компоненті бойынша қарастырсақ, кез келген сопылық термин метафизикалық құбылыстарды белгілеуші лексика болғандықтан, оның образын анықтауда шексіздікке тап боламыз. Мысалы, қуанған жан халін белгілейтін «баст» термин концептісінің образы қатарында рахаттылық, жаннат, ұшу, ризалық, т.б. атауға болады. Яғни, «кеңейту» абстрактілі ұғым беретіндіктен, оның образдары әр қабылдаушының дүниетанымы дәрежесінде танылады.

Концептінің ақпараттық мазмұны концептіленген зат не құбылыстың ерекше белгілерінің когнитивтік айқындауыштардың минимумын қамтиды. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, «баст» термині абстракттілі және метафизикалық мәнін нақтылау ишара, меңзеу сияқты үдеріс негізінде жүретіндіктен, оның ақпараттық мазмұн алшақтылығы орын алуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл компонент те құбылмалы болады.

Ал интерпретациялық кеңістігіне келер болсақ, негізгі ақпараттық мазмұнды белгілі бір аспектіде интерпретациялайтын когнитивтік белгілерді қамтитынына байланысты мұнда да әр сопы бұл терминді тіпті мәтінмен байланыстырмай-ақ өзіндік дүниетаным тұрғысында түсіндіруге хақысы бар. Байқасақ, бұл да интерпретацияның шексіз пайда бола беруіне жол береді. Бұл дегеніміз, консубстанционалды сопылық терминдерді сипаттаудың қиындығын белгілейді. Осыдан болар, Қушейри және басқа да сопы ғалымдар сопылық терминдерді сипаттауда бірнеше сопылардың пікірлерін салғастыра, байланыстыра ұсыну тәсілін қолданған.

### Әдебиеттер

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1966.
2. Гринев С.В. Введение в терминоведение. – М., 1993.
3. Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М., 2007.
4. Ахметбекова А.К. Қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия. – Алматы, 2011.
5. Әл-Кушейри ан-Нисабури әш-Шәфиғи. Әр-Рисәлә әл-Кушейрия ли Имам әбу ль-Қасим. – Каир, 1989.
6. Даниленко В.П. Русская терминология. – М., 1977.
7. Абу Хамид ал-Газали. Воскрешение наук о вере (Ихйа' 'улум ад-дин). Избр. главы / пер. с араб., исслед. и коммент. В. В. Наумкина. С. 113.
8. Шейх ибн Ата Аллах аль-Искандари (Александрский) аш-Шазили. Книга мудростей (Китаб аль-хикам) / Пер. с арабского И.Р. Насыров. – Уфа: РИО РУНМЦ Госкомнауки РБ, 2000. – С. 74.

#### А.А. Ахметбекова, А.А. Қуанышбек Семантические особенности суфийских терминов

В статье рассматриваются суфийские термины, которые можно описать как консубстанциональными. Такие термины, как «хауф» (страх), «раджа» (надежда), «кабд» (сжатие), «баст» (расширение) образовались на основе коранического текста, и это в некоторой степени определило их концепты. В ходе исследования было обнаружено, что суфийские термины устанавливаются в результате сужения семантического пространства слова.

#### А.А. Ahmetbekova, A.A. Kuanyszbek Semantic features of sufi terms

The article deals with Sufi terms. Terms such as “Hauph” (fear), “Raja” (Hope), “Kabd” (compression), “Bast” (extension) were formed on the basis of the Qur’anic text, and it is in some ways defined their concepts. The study found that the Sufi terms are set by the narrowing of the semantic space of word.